

«Қарағанды облысының балаларға арналған психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемесі» КММ. Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ПМӘМ шарттарында кондуктивті педагогика әдісін қолданудың ерекшеліктері

Арнайы білім беру саласындағы реабилитацияда дәстүрлі тәсілдер қолданады және олар негізінен баланың енжарлығын көздеп, қамтамасыз етеді. Кондуктивті педагогика әдісі баланың мүгедектігін жеңуге белсенді тарапынан қатысуын талап етеді, дұрыс қойылған мақсат балаға сабаққа деген ынтасын береді, өзін-өзі бағалауды арттырады. Бұл техниканың қарқындылығы баланың әр түрлі іс-шараларға үздіксіз қатысуын қамтиды, дамудың әр кезеңін мұғалім күшейтеді және қолдайды, балаларға әртүрлі жағдайларда ойлауға және әрекет етуге үйретіледі. Кондуктивті педагогика - бұл орталық жүйке жүйесінің бұзылыстары бар балалар мен ересектерді оқыту процесі, моторлы, сөйлеу және психикалық функцияларды қалпына келтіруді әдістерінің бірі. Қазіргі таңда кондуктивтік педагогика тәсілі тірек-қимыл аппараты зақымдалған балалардың реабилитациялық және абилитациялық жұмыстарында нәтижелігі мол бағыт ретінде қарастырылуда. Кондуктивтік педагогика бағдарламасының шеңберінде қозғалыс дағдыларын бір мезгілде дамыту, контрактуралардың алдын алуы және түзету, мотивациялық базаны қалыптастыру, тұлғаны дамыту, когнитивтік қабілеттерді жақсарту, сондай-ақ алған дағдыларды пайдалану (шоғырландыру) қатар жүреді.

Венгрия профессоры Андраш Петё аурудың физиологиясын жете біле тұра, аталмыш балалардың оңалту үдерісіне көп көңіл бөлген. Оның пайымдауынша орталық жүйке жүйесі бұзылған баланың өсу процесінде сау бала сияқты даму барысын өтеді, айырмашылығы тек моторлы стереотиптерін қалыптастыруында. Кондуктивті педагогиканың басты қағидаларының бірі баланың алдында жеке қимыл-қозғалыс дағдылардың дамуын ғана бастамай, оған күнделікті қажетсінетін адекватты міндеттерді қоя білу керек.

Кондуктолог балалармен түзете-дамыту жұмысын өткізу барысында моторлы стереотиптерінің саналы құрылысын қалыптастырады, барлық іс-шараларда дағдыларды нығайтуға көмектеседі, бұл кейіннен қозғалыстардың автоматизміне әкеледі. Кондуктивті педагогиканың мақсаттарына келесілер жатады:

- бала қабілеттерінің дамуына деген кешенді және жеке келісті іске асыру;
- оның тұлғалық қасиеттері мен әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру;
- ауыр бұзылыстары бар отбасының өмірлік сапасын арттыру.

Сонымен, кондуктивтік педагогика - дене, коммуникативтік, тілдік, эмоционалдық, білім беру, тұрмыстық дамудың барлық аспектілерін қамтитын, моторикасы бұзылған адамдарды қарқынды оңалту жүйесі. Ендеше кондуктивті педагогиканың негіздемесімен жұмыс жасайтын адам - психолог, мұғалім, кинезиотерапевт, терапевт ретінде әрекет етуі керек, баланың проблемаларын дәрігер ретінде түсінуі керек. Яғни, бұл баланың мүмкіндіктерін анықтау, өмірге деген көзқарасын және ондағы орнын өзгерту үшін ынталандыру, ынталандыру жолдарын іздейтін жоғары білікті маман.

ПМӘМ жағдайларында орталық жүйке жүйесі бұзылған балалардың басым бөлігінде қозғалыс белсенділігі төмен дәрежеде, сондықтан балаларды қозғалуға қызықтыру үшін кондуктивті педагогиканың бастамаларымен өтетін барлық тапсырмалар мен сабақтар формалары ойын түрінде өтетіні абзал. Тәжірибелік жұмыс үстінде кез-келген әрекет педагог пен баламен қоса әндетіп айтылады немесе 1 жақтан айтылады. Іске асырылатын қимылды акт белсенді саналы түрде баланың бойына кірістірілуі керек. Дұрыс орындаған әрекет педагогпен міндетті шартта оңтайлы бағамен мадақталынады және әр балаға жеке-жеке қолдау көрсетіледі. Оның арқасында балалардың қозғалуға деген мотивациясы оятылады. Баланың жүйке жүйесі пластикалық және өте икемді болғандықтан, белгілі бір физикалық жаттығуларды орындау кезінде қимыл-қозалыстың жағымды стереотипі қалыптасады. Ал жүйелі сабақтардың негізінде қалыптасқан дағды баланың санасында нық бекітіледі. Сондықтан, оқуды неғұрлым ертерек бастаса, даму нәтижелері соғұрлым айқын және сәтті

болады.

Өзіміздің тәжірибемізде кондуктивті педагогиканың қолдануында әр баламен жеке жұмыс жүргізілсе де, олардың топта болғаны тиімді. Сонда оңалту және оқыту үдерістері бірге жүреді. Бұл процесс эмоционалды жағынан жағымды, белсенді әрі қызықты ойын түрінде өтеді, сондықтан балалар үшін де ол құмарлықты тудырады. Балалар өзара әлеуметтік әрекеттесуді талап етуімен қатар, жеке тұлғаның ерекше қасиеттерін құруға ықпал етеді. Жұмысымызда кондуктивті педагогиканың негіздерін және элементтерін пайдалана бастаған беттен, дефектолог, тәрбиеші және емдік дене шынықтыру бойынша пән аралық байланысты нығайта отырып, балалардың нәтижелігінің сәл болса да, артуына көзіміз жетті. Ендеше, келер жолымыздың мақсаттары әлі алда.

Қорыта келсек, мекемемізде қамтамасыз етілетін кондуктивті педагогиканың бастамаларының ерекшеліктері осы ереженің басқарылуымен атқарылады: тірек-қимыл аппаратының белгілі бір зақымдары танымдық саланың мүмкіндіктеріне кері әсер етеді. Өлсіз түрде қалыптасқан және дамымаған рефлексстермен ерте кезеңнен бастап жұмыс жасалса, ол жоғалған моторлы функцияларын қалпына келтіруге көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер:

1. <http://www.orenburg-gov.ru/Info/SocialServices/statss/>
2. <https://special-edu.kz/masvoso-2020/3.pdf>

3. Мастюкова Е.М. Специальная педагогика. Подготовка к обучению детей с особыми проблемами в развитии. Ранний и дошкольный возраст / под ред. А.Г. Московкиной. – М.: Классике Стиль, 2003. – 320 с.